*Қазақстан Республикасы «Атамекен»*
*Ұлттық кәсіпкерлер палатасы*
*Басқарма Төрағасының*
*17 қаңтардағы 2019 жылғы № 12*
*бұйрығымен бекітілді*

**Кәсіптік стандарт:**
**«Халықаралық автомобиль жүк тасымалдары»**

*Кәсіптер карточкаларының тізімі:*


Халықаралық автомобиль жүк тасымалдарының жүргізушісі ............................................. 3

Халықаралық автомобиль жүк тасымалдарының диспетчері............................................. 13

Халықаралық автомобиль жүк тасымалдары жөніндегі менеджер .................................... 18

Халықаралық автомобиль жүк тасымалдары компаниясының басшысы ........................... 26



*Кәсіптік стандартты әзірлеу Орталық Азиядағы (СТJ) бәсекеге қабілеттілік, сауда және жұмыс орындарын құру жөніндегі USAID жобасымен қолданған.*


**Глоссарий**

Осы Кәсіптік стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

**Автомобиль көлік құралы (бұдан әрі – автокөлік құралы)** – автобустарды, шағын автобустарды, жеңіл және жүк автомобильдерін, троллейбустарды, автомобиль тіркемелерін, ершікті тартқыштарға арналған жартылай тіркемелерді, сонымен қатар мамандандырылған автомобильдерді (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) және арнайы автомобильдерді (әртүрлі басымдылықты көліктік емес жұмыстарын орындауға арналған) қамтитын автомобиль көлігінің жылжымалы құрам бірлігі;

**Жүк жіберуші –** атынан жүкті жіберу рәсімделетін жеке немесе заңды тұлға;

**Жүк алушы –** автомобиль тасымалы шартының негізінде жүкті алуға өкілеттелген жеке немесе заңды тұлға;

**Диспетчерлік қызмет** – автокөлік кәсіпорындарындағы тасымалдарды жедел диспетчерлік басқаруды іске асыратын қызмет;

**Көлік құралы** - жүк автомобилі, тартқыш, тіркеме, жартылай тіркеме (автопойыздар: тіркеменің тіркесуімен жүк автомобилі – тіркемелік автопойыз, жартылай тіркеменің тіркесуімен тартқыш – ершікті автопойыз);

**Рейс** –жөнелту орнынан белгіленген орнына дейінгі бір жақты жол;

**Алғашқы көмек -** зардап шеккендерге білікті медициналық көмекті алу мүмкіндігіне дейін тұлғалармен көмекті орындауы үшін қолжетімді іс-шаралардың кешені;

**Сапар –** ары-бері сапар (шеңберлі рейс);

**Жол парағы –** КҚ жұмысының есебін жүргізуге арналған, диспетчермен КҚ жүргізушісіне берілетін құжат;

**Тахограф –** автоматты режимде жүргізушілердің жұмыс және демалу кезеңдерін жазу мақсатында КҚ-на орнатуға арналған бақылау құрылғысы;

**Халықаралық Жол Тасымалдарының кітапшасы (ХЖТ)** – 1975 жылғы ХЖТ кітапшасын қолданумен (ХЖТ Конвенциясы) жүктерді халықаралық тасымалдау туралы Кедендік Конвенциясымен реттелетін, тасымалдаушыға тауарларды жеткізудің қамтамасыз етуін қолданусыз белгіленген тәртіпте кедендік рәсімдеу және бақылаудан өту және рұқсатын алуға арналған құқығын беретін халықаралық кедендік құжат;

**Халықаралық жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау шарты туралы конвенцияның жөнелтпе құжаты (ЖТШК), ConventionrelativeaucontratdetransportinternationaldeMarchandiseparRoute (CMR)** –

| |
|---|
| ЖТШК реттелетін, тасымалдау орнында рәсімделген және тасымалдаушыға және жүк алушыға берілген халықаралық тауар-көлік жөнелтпе құжаты. Рәсімделген және тараптармен қол қойылған CMR жөнелтпе құжаты тараптармен талаптарды қабылдаудың дәлелі ретінде қызмет етеді және тасымалдаушымен жүктің қабылдануын куәлайды;<br>**Жүргізушілердің еңбегін және демалысын ұйымдастыру, сонымен қатар тахографтарды қолдану қағидалары** - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1288 «Жүргізушілердің еңбегін және демалысын ұйымдастыру, сонымен қатар тахографтарды қолдану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;<br>**Жүктерді тасымалдау қағидалары -** Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 «Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;<br>**Ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау қағидалары** - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 «Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оның жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;<br>**АКҚ техникалық пайдалану қағидалары** - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 547 «Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;<br>**Тасымалдаушыларға халықаралық жүк тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру қағидалары** - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2011 жылғы 24 тамыздағы № 523 «Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.<br><br>**Пайдаланылатын қысқартулар:**<br>**КЖЕК -** Халықаралық автомобильмен тасымалдауларын жүргізетін көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Еуропалық Келісім, (КЖЕК) 1970 жыл;<br>**КҚ** – көлік құралы;<br>**ЖЖМ**- жанар-жағар материалдары;<br>**ҚТ**- қауіпсіздік техникасы;<br>**ТҚК**- техникалық қызмет көрсету;<br>**КО СЭҚ ТН (TARIC)** – Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасы және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифы;<br>**TIR-EPD** - ХЖТ үшін Бірыңғай Терезе Тұжырымдамасы. |

| **1. Кәсіптік стандарттың төлқұжаты** | |
|---|---|
| Кәсіптік стандарттың атауы: | Халықаралық автомобиль жүк тасымалдары |
| Кәсіптік стандарттың нөмірі: | |
| ЭҚЖЖ сәйкес секция, бөлім, топ, сынып және сынып тармағының атауы: | H. Көлік және логистика<br>52 Қойма шаруашылығы және қосалқы көліктік қызмет<br>52.2 Тасымалдау бойынша қызметтің қосалқы түрлері<br>52.21 Құрлықтағы көлік саласындағы қызметтер |
| Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттауы: | Халықаралық автомобиль жүк тасымалдарын ұйымдастыру және орындау бойынша мамандардың функцияларына, кәсіптік міндеттеріне, біліктіліктері мен кәсіптік біліміне қойылатын талаптарды қамтиды. |

| **2. Кәсіптер карточкалары** | | |
|---|---|---|
| Кәсіп карточкаларының тізімі: | Халықаралық автомобиль жүк тасымалдарының жүргізушісі | БСШ 2-ші деңгейі |
| | Халықаралық автомобиль жүк тасымалдарын сүйемелдеу диспетчері | БСШ 3-ші деңгейі |
| | Халықаралық автомобиль жүк тасымалдары жөніндегі менеджер | БСШ 4-ші деңгейі |

| | | |
|---|---|---|
| | Халықаралық автомобиль жүк тасымалдары компаниясының басшысы | БСШ 5-ші деңгейі |

**КӘСІПТЕР КАРТОЧКАСЫ:**
**Халықаралық автомобиль жүк тасымалдарының жүргізушісі**

| | | |
|---|---|---|
| Коды: | 8332-1-002 | |
| Топ коды: | 8332 | |
| Кәсібі: | Халықаралық автомобиль жүк тасымалдарының жүргізушісі | |
| Кәсіптің басқа да ықтимал атаулары: | Жүк автомобилінің жүргізушісі | |
| БСШ бойынша біліктілік деңгейі: | БСШ 2-ші деңгейі | |
| Қызметтің мақсаты: | Жүкті белгіленген орнына түгел және сақтандылықта, шығынсыз және жоғалтусыз, кәсіпорын қаражаттарын үнемдеумен уақтылы жеткізу. | |
| Еңбек функциялары | Міндетті еңбек функциялары | 1. Халықаралық тасымалдауларды іске асыруға арналған құжаттамамен байланысқан қажетті әрекеттерді орындау. |
| | | 2. Халықаралық тасымалдауларды іске асыру кезінде КҚ пайдаланумен байланысқан қажетті әрекеттерді орындау. |
| | | 3. КҚ қауіпсіз басқару. |
| | | 4. Жүктерді тасымалдау кезінде қауіпсіздік шараларын орындау, сақтау және қамтамасыз ету. |
| **1 еңбек функциясы:** Халықаралық тасымалдауларды іске асыруға арналған құжаттамамен байланысқан қажетті әрекеттерді орындау | **1-ші міндет:** Сапарға дейін және аяқтаудан кейін жол, тауарға ілеспе құжаттамасын алу, рәсімдеу және тапсыру | **Істей білу:** |
| | | 1. Жол, тауарға ілеспе құжаттамасын рәсімдеу, сонымен қатар бұл құжаттаманың сақтандылығын қамтамасыз ету.<br>2. Тасымалдауға арналған есепті қаржылық қаражаттарын және құжаттарын алуды рәсімдеу.<br>3. Тауарға ілеспе құжаттамасына жүкті орналастыру және оның қаптамасының бүтіндігі бойынша ескертулерді жазу.<br>4. Жөндеуді іске асыру үшін қажетті ілеспе құжаттамасын рәсімдеу.<br>5. Жол қозғалысының қауіпсіздігін, көлік құралдарының пайдаланылуын және тасымал қызметін мемлекеттік қадағалау және бақылау құқығы ұсынылған лауазымды тұлғалармен көлік құралдарын тоқтату және тексеру тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау.<br>6. Жол, тауар, көліктік-ілеспе және қаржылық құжаттамасын тапсыру мерзімдерін сақтау.<br>7. Жүргізушілердің еңбек және демалу режимінің тіркеулік парақшасын толтыру және жүргізу. |
| | | **Білу:** |
| | | 1. Жол, тауар, көліктік-ілеспе және басқа құжаттамасын рәсімдеу тәртібі және ережелерін.<br>2. КҚ басқару және халықаралық тасымалдауды орындау үшін міндетті жол, сақтандыру және басқа құжаттамасын рәсімдеу бойынша нормативтік құжаттарды. |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3. Жол, тауарға ілеспе және басқа құжаттаманы рәсімдеу және тапсыру мерзімдерін.<br>4. Жүргізушілердің еңбегін және демалысын ұйымдастыру, сонымен қатар тахографтарды қолдану қағидаларын |
| | **2-ші міндет:**<br>Халықаралық тасымалдауларды іске асыру процесінде қажетті құжаттаманы ұсыну | **Істей білу:** |
| | | 1. Жол қозғалысының қауіпсіздігін, көлік құралдарының пайдаланылуын және тасымал қызметін мемлекеттік қадағалау және бақылау құқығы ұсынылған лауазымды тұлғалармен көлік құралдарын тоқтату және тексеру тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау.<br>2. Өкілетті орган өкілдерімен өзара әрекеттесу кезінде іскерлік әдепті сақтау.<br>3. Жол-көлік оқиғалары жағдайларында Еуро-хаттамасын толтыру.<br>4. Ағылшын тілінде түсіндіру, сөздікті немесе электрондық аудармашыны пайдалану. |
| | | **Білу:** |
| | | 1. Жол қозғалысының қауіпсіздігін, көлік құралдарының пайдаланылуын және тасымал қызметін мемлекеттік қадағалау және бақылау құқығы ұсынылған лауазымды тұлғалармен көлік құралдарын тоқтату және тексеру тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарын.<br>2. Жол-көлік оқиғалары жағдайларында Еуро-хаттамасын толтыру тәртібін.<br>3. Ағылшын тіліндегі сөйлемдердің қажетті тізімін, танымал электрондық аудармашыларды. |
| **2 еңбек функциясы:**<br>Халықаралық тасымалдауларды іске асыру кезінде КҚ пайдаланумен | **1-ші міндет:**<br>Сапар алдында және сапарды аяқтаудан кейін көлік құралдарының қауіпсіздігін және | **Істей білу:** |
| | | 1. КҚ бақылаулық қарап тексеруді орындау және шығу алдында және сапардан кейін автомобильдің негізгі жүйелерін тексеруді іске асыру.<br>2. Жүктің түріне және тасымалдау типіне сәйкес келетін, жүк атвомобильдегі тану белгілерінің болуын тексеру. |

| | | |
|---|---|---|
| байланысқан қажетті әрекеттерді орындау | пайдалануға дайындығын тексеру | 3. Сапарды бастау және сапарды аяқтаудан кейін аспаптардың, сигнализацияның, аппаратураның және жабдықтардың жұмыс күйін тексеру.<br>4. КҚ құрастырылымымен қарастырылған (мамандандырылған КҚ-мен жүктерді тасымалдау кезінде) қосымша жабдық жұмысын тексеру (жүргізуші міндеттерінің бөлігінде).<br>5. Өрт сөндіргіштердің, медициналық дәрі қобдишаларының, апаттық тоқтау белгілерінің, сырғуға қарсы тіреуіштердің, жарық шағылыстыратын жейделердің және қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басқа құралдарының болуы және күйін тексеру.<br>6. КҚ заманауи экологиялық талаптарды сақтаумен ЖЖМ-мен және арнайы сұйықтықтармен толтыру.<br>7. Еңбекті қорғау қағидалары мен нұсқаулықтарын және өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын, ұйыммен белгіленген КҚ қауіпсіздігін тексеру бойынша нұсқаулықтарын және ішкі тәртіп қағидаларын сақтау.<br>8. КҚ тазалықта және техникалық ақаусыз күйінде ұстау үшін шараларын қабылдау. |
| | | **Білу:** |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>1. КҚ техникалық күйін тексеру кезінде ҚТ қағидаларын.<br>2. Ақаулықтарды жою және ТҚК бойынша жұмыстарды орындау тәсілдерін.<br>3. Пайдалану материалдарын қолдану қағидаларын.<br>4. АКҚ техникалық пайдалану қағидаларын.<br>5. КҚ негізгі механизмдері мен аспаптарының мақсатын, орналасуын, әрекет ету қағидатын.<br>6. Еңбекті қорғау бойынша қағидалары мен нұсқаулықтарын және ұйымда белгіленген өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын.<br>7. КҚ қауіпсіздігін тексеру бойынша нұсқаулықтар мен ішкі тәртіп қағидаларын.<br>8. Көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынатын ақаулықтар мен талаптардың тізімін.<br>9. КҚ құрылысы және КҚ құрастырылымымен қарастырылған қосымша жабдықтар туралы негізгі мәліметтер мен нұсқаулықтарды.<br>10. Бағдардың өтетін елдердің КҚ пайдалану және қауіпсіз басқару бойынша нормативтік құқықтық актілерінің негізгі ережелерін.<br>11. Автомобиль көлігінің жылжымалы құрамына техникалық қызмет көрсету және жөндеу туралы ережелерін.<br>12. КҚ-да орнатылған тахографтарды пайдалану бойынша нормативтік құқықтық актілерді.<br>13. Бақылау-өлшеу аспаптарын, борттық аппаратураны, навигация және байланыс құралдарын пайдалану бойынша нормативтік құқықтық актілерді.<br>14. КҚ-ғы жанармай және майлау материалдарының шығыс нормаларын.</td></tr>
<tr><td></td><td>2-ші міндет: КҚ пайдалану және тасымалдауды орындау процесінде қауіпсіздікті сақтау.</td><td>Істей білу:<br>1. Пайдалану процесінде КҚ тұрақты бақылаулық қарап тексеруді орындау.<br>2. КҚ пайдалану кезінде ақаулықтарды анықтау және уақтылы жою.<br>3. Тораптарды және агрегаттарды бөлшектеусіз өздігінен немесе мамандарды жұмылдырумен ақаулықтарды жою бойынша шешімін қабылдау.<br>4. КҚ пайдалануға тыйым салынатын ақаулықтарды анықтау, техникалық ақаулықтарды жою мүмкінсіздігі кезінде сақтықтың қажетті шараларын сақтаумен тұрақ немесе жөндеу орнына бару.<br>5. Техникалық көмекті, эвакуаторды шақыру және тіркеп алушыда қозғалу.<br>6. КҚ бағдардың өтетін елдердің экологиялық талаптарын сақтаумен ЖЖМ-мен және арнайы сұйықтықтармен уақтылы толтыру.<br>7. Борттық компьютерді, навигация және байланыс құралдарын пайдалану.</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td></td><td>Білу:</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td>1. Экономикалық тиімді жүргізу негіздерін және тәсілдерін.<br>2. КҚ құрылысын және оның механизмдерінің жұмыс қағидаттарын.<br>3. Автомобиль шиналарын пайдалану бойынша нормативтік құқықтық актілерді.</td></tr>
<tr><td rowspan="4">3 еңбек функциясы: КҚ қауіпсіз басқару</td><td rowspan="4">1-ші міндет: КҚ қауіпсіз басақрау қағидаларын сақтау және жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тиісті шараларын қабылдау.</td><td>Істей білу:</td></tr>
<tr><td>1. Бағдардың өтетін елдердің қолданыстағы редакциясындағы жол қозғалысы ережелерін сақтау.<br>2. Халықаралық тасымалдарын іске асыратын жүргізушінің еңбек және демалу режиміне қойылатын талаптарды, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының қағидалары мен нормаларын орындау.<br>3. Жол-көлік жағдайын бақылауға арналған бақылау-өлшеу аспаптары мен борттық аппаратура көрсеткіштерін пайдалану.<br>4. Навигация және байланыс құралдарын пайдалану.<br>5. Автомобильде орнатылған белсенді, пассивті қауіпсіздік жүйелерін және жүргізушіге жәрдемдесу жүйелерін пайдалану.<br>6. Әртүрлі жол және метеорологиялық жағдайларда, шектелген көрініс жағдайларында, қолайсыз жол жағдайларында жүргізу қағидаларын және КҚ қауіпсіз басқару тәсілдерін қолдану.</td></tr>
<tr><td>Білу:</td></tr>
<tr><td>1. Жол қозғалысы ережелерін және бағдардың өтетін елдерде оларды бұзуы үшін жауапкершілік түрлерін.<br>2. Бағдардың өтетін елдердегі заңнамаға сәйкес АКҚ техникалық пайдалану қағидалары мен қоршаған ортаны қорғау нормаларын.<br>3. КҚ жүргізушілерінің жұмыс уақыты және демалу уақыты режимінің ерекшеліктері туралы ережені.<br>4. Әртүрлі жол және метеорологиялық жағдайларда, шектелген көрініс жағдайларында, қолайсыз жол жағдайларында КҚ қауіпсіз басқару тәсілдерін.<br>5. КҚ орнатылған белсенді, пассивті қауіпсіздік жүйелерінің және жүргізушіге жәрдемдесу жүйелерінің мақсаты мен қолданылуын.<br>6. Шаршағандықтың, психикалық күйдің, алкогольді және дәрі-дәрмектерді тұтынудың көлік құралын қауіпсіз басқаруға әсерін.<br>7. КҚ пайдалану және қауіпсіз басқару бойынша нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелерін.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | | 8. Ішкі тәртіп қағидаларын, жүргізушінің еңбек міндеттеріне жатқызылатын және белгіленген тәртіпте оған жеткізілген ұйымның өкімдері мен бұйрықтарын.<br>9. Еңбекті қорғау бойынша қағидалар мен нұсқаулықтарын және өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын. |
| | **2-ші міндет:**<br>Физикалық күйін, ақыл белсенділігін қолдауды, кәсіптік ептіліктері мен дағдыларын жетілдіру маңыздылығын сезіну | **Істей білу:** |
| | | 1. Өзінің еңбек міндеттерін сапалы орындауға мүмкіндік беретін физикалық күйін және денсаулық күйін қолдау.<br>2. Салауатты, үйлестірілген тамақтану қағидатын қолдану.<br>3. Шаршау және күйзеліс симптомдарын, себептерін және салдарын анықтау.<br>4. Жұмыс және демалудың дұрыс кезектесуінің түбегейлі мәнін қолдану.<br>5. Автомобильді басқару кезінде жеке мүмкіндіктерін саналы бағалау.<br>6. Кәсіптік қасиеттерін жетілдіру: өзінің эмоциялық күйін басқару, жол қозғалысының басқа қатысушыларының құқықтарын сыйлау, жол қозғалысының қатысушылары арасында туындайтын тұлғааралық қақтығыстарды сындарлы шешу.<br>7. Қауіптіліктерді тани білу, авариялық жағдайларға жол бермеу.<br>8. Еңбек міндеттерін орындауы үщін қажетті автомобильді қауіпсіз басқару бойынша қосымша кәсіптік дайындықтан, қосымша курстардан, тренингтер мен нұсқамалықтардан өту. |
| | | **Білу:** |
| | | 1. Психобелсенді, психотроптық және басқа заттардың адам ағзасына әсерлерінің салдарын.<br>2. Салауатты, үйлестірілген тамақтану қағидаттарын.<br>3. Жүргізушілерді медициналық қараудан өткізу тәртібін.<br>4. Мастану күйін куәландыру тәртібін.<br>5. Шаршағандық, күйзеліс және жұмыс және демалудың дұрыс кезектестіру мәнінің маңыздылығын сезіну. |
| | **3-ші міндет:** | **Істей білу:** |

| | | |
|---|---|---|
| | Жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмекті көрсету | 1. Жағдайды бағалау және алғашқы көмек көрсету үшін қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету.<br>2. Жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмекті көрсету бойынша іс-шаралар кешенін орындау.<br>3. Жедел жағдайларда зардап шеккендерді жақын емдеу мекемесіне жіберу.<br>4. Жедел медициналық көмекті, қызметкерлері алғашқы көмекті көрсетуге міндетті басқа арнайы қызметтерді шақыру.<br>6. Зардап шеккеннің есінде болуы анықтау.<br>7. Тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қалпына келтіру және зардап шеккеннің тіршілік белгілерін анықтау бойынша іс-шараларын орындау.<br>8. Тіршілік белгілерінің пайда болуына дейін жүрек-өкпе қызметінің реанимациясын жүргізу бойынша іс-шараларды орындау.<br>10. Зардап шеккенді шолып қарау және сыртқы қансырауды уақытша тоқтату бойынша іс-шараларды орындау.<br>11. Жарақаттарды, улануды және өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін басқа да күйінің белгілерін анықтау мақсатында зардап шеккенді егжей-тегжейлі қарап шығу бойынша және көрсетілген күйлерін анықтау жағдайында алғашқы көмек көрсету бойынша іс-шараларды орындау.<br>12. Зардап шеккенді оңтайлы дене қалпына келтіру.<br>13. Зардап шеккеннің күйін бақылауды іске асыру (ес-түсі, тыныс алуы, қайна айналымы) және психологиялық қолдауды көрсету. |
| | | **Білу:** |
| | | 1. Жол-көлік оқиғаларының туындауы кезіндегі әрекеттер тәртібін.<br>2. Жедел медициналық көмекті, қызметкерлері алғашқы көмекті көрсетуге міндетті басқа арнайы қызметтерді шақыру тәртібін.<br>3. Әртүрлі жағдайларда алғашқы көмек көрсету бойынша әрекеттер әдістемесін және бірізділігін.<br>4. Алғашқы көмек дәрі қобдишасының құрамын (автомобильдік) және оның құрамдастарын пайдалану қағидаларын.<br>5. Еңбекті қорғау бойынша қағидалар мен нұсқаулықтарды және өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын. |
| **4 еңбек** | 1-ші міндет: | **Істей білу:** |

| | | |
|---|---|---|
| **функциясы:**<br>Жүктерді тасымалдау кезінде қауіпсіздік шараларын орындау, сақтау және қамтамасыз ету | Халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдауды орындау кезінде халықаралық және ұлттық нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау | 1. Жүктерді тасымалдау қағидаларын сақтау.<br>2. Өзінің сипаты бойынша ерекше қорғауды, жолда өзіне күтім жасау немесе тасымалдаудың басқа ерекше жағдайларын талап ететін жүктерді тасымалдау бойынша нормативтік құқықтық актілерді сақтау (мамандандырылған КҚ-мен тасымалдау).<br>3. Қозғалыс бағдарының ерекшеліктері және қауіпті учаскелер туралы ақпаратты алу және қолдану.<br>4. Жүргізушінің электрондық дербес сәйкестендіру картасын пайдалану.<br>5. ГЛОНАСС және ГЛОНАСС/GPS базасындағы диспетчерлік жүйесін пайдалану. |
| | | **Білу:** |
| | | 1. Жүктерді тасымалдау қағидаларын.<br>2. Көлік құралдарын пайдалану және қауіпсіз басқару бойынша нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелерін.<br>3. КҚ халықаралық қозғалысқа жіберу талаптарын, Жол қозғалысы туралы конвенцияның негізгі ережелерін және Қазақстан Республикасының жол қозғалысы туралы заңды.<br>4. Жүктерді жолмен тасымалдау туралы конвенцияның негізгі ережелерін (ЖТШК/CMR) көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нормативтік құқықтық актілерді және Жүктерді тасымалдау қағидаларын.<br>5. Халықаралық тасымалдауды іске асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Европалық келісімнің негізгі ережелерін (КЖЕК).<br>6. Қауіпті жүктерді жолмен тасымалдау туралы келісімнің негізгі ережелерін (ҚЖЖТ/ ADR), Тез бұзылатын тағам өнімдерін халықаралық тасымалдау туралы және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы (СПС/АТР) келісімді және Ауыр салмақты және ірі габаритті жүктерді тасымалдау қағидаларын.<br>7. Өзінің сипаты бойынша ерекше күзетуді, жолда өзіне күтім жасауды немесе тасымалдаудың басқа ерекше талаптарын талап ететін (мамандандырылған жүк автомобильдерімен тасымалдау кезінде) жүктерді тасымалдау бойынша нормативтік құқықтық актілерді.<br>8. Шекарада жүктерді бақылауды жүргізу талаптарын келісімдеу туралы халықаралық конвенцияның негізгі ережелерін. |
| | **2-ші міндет:** | **Істей білу:** |

| | | |
|---|---|---|
| | Жүктердің әртүрлі түрлерін тасымалдауды орындау | 1. Жүктерді қабылдау, орналастыру және тасымалдауды қамтамасыз ету.<br>2. Жүк орындарының санына, сонымен қатар көлік құжаттамасында ақпаратын көрсетумен белгісіне және нөмірлеріне қатысты жөнелтпе құжаттар келтірілген нұсқаулардың дәлділігін салыстыру.<br>3. Жүктерді тиеуді орындау кезінде құжаттамадағы алынған белгілерді тексеру.<br>4. Пломбалардың бекітілуін, олардың нөмірлерін, жүктің және оның қаптамасының сыртқы күйін тексеру. |
| | | **Білу:** |
| | | 1. Тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуді тексеру кезінде қауіпсіздік техникасының қағидаларын.<br>2. Жүктерді тасымалдау қағидаларын.<br>3. ЖТШК/ CMR конвенциясының 8-бап талаптарын.<br>4. Ұлттық және халықаралық кеден заңнамасының талаптарын (ҚР, ЕАЭО кеден кодекстерін) және ХЖТ/TIR конвенциясын).<br>5. Өзінің сипаты бойынша ерекше күзетуді, жолда өзіне күтім жасауды немесе тасымалдаудың басқа ерекше талаптарын (мамандандырылған КҚ-мен тасымалдау кезінде) талап ететін жүкті тасымалдау бойынша нормативтік құқықтық актілерін.<br>6. Автомобиль қатынастары туралы үкіметаралық келісімдердің ережелерін және рұқсат жүйесінің талаптарын.<br>7. Мамандандырылған техниканы, жабдықтар мен тиеу, түсіру және тасымалдауға арналған құрал-саймандардың құрылысы мен жұмыс алгоритмдері туралы негізгі мәліметтерді (мамандандырылған жүк атвомобильдерімен тасымалдау кезінде). |
| | **3-ші міндет:** Экологиялық талаптарды сақтау | **Істей білу:** |
| | | 1. Қозғалыстың қолайлы режимін таңдау және көлік құралын экологиялық талаптарды сақтау мақсатында техникалық ақаусыз күйінде ұстау.<br>2. Жылдамдықтың қолайсыз режимін таңдау салдарын түсіну.<br>3. Жанармай-май материалдарын және арнайы сұйықтықтарды таңдау кезінде оларды өзара алмасушылығын және үйлесімділігін ескеру.<br>4. Тиеу және тасымалдау кезінде жүктің шуды туғызбайтынын, шаң баспайтынын, жолды және қоршаған ортаны ластамайтынын тексеру.<br>5. Көлік құралының тиісті санитарлық күйін қамтамасыз ету. |
| | | **Білу:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1. АКҚ техникалық пайдалану қағидаларын.<br>2. КҚ пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздік негіздерін.<br>3. КҚ үнемді басқару негіздерін.<br>4. Автомобиль көлігіндегі санитарлық-гигиеналық талаптар бойынша нормативтік құқықтық құжаттаманың негізгі ережелерін.<br>5. Жанармай-майлау материалдары мен арнайы сұйықтықтардың типтерін, сипаттамаларын.<br>6. Жол қозғалысы саласында және көліктегі әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы ереженің негізгі ерекшеліктерін. |
| | **4-ші міндет:**<br>Жүктерді халықаралық тасымалдау процесінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету | **Істей білу:** |
| | | 1. Рейстегі КҚ және жүктің сақтандылығын қамтамасыз ету шараларын қабылдау.<br>2. Жол қозғалысы  ережелерін сақтау.<br>3. Бөтен тұлғалардың, олардың қол жүктері мен бөтен жүктің тасымалдануына жол бермеу.<br>4. Тасымалдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін КҚ құрастырылымымен қарастырылған қосымша жабдықты қолдану.<br>5. КҚ шанағындағы жүкті бекіту құралдарының (белдіктер, шынжырлар, тростар, ағаш кесектері, тіреуіштер, сырғуға қарсы төсеніштер және басқасы) тасымалдау қауіпсіздігін, жүктің және КҚ сақтандылығын қамтамасыз ететінін тексеру.<br>6. Нормативтік құқықтық актілерге сәйкес КҚ, жүктің, контейнерлердің, ыдыстың және рейстегі басқа жүк орындарының қауіпсіздігін және сақтандылығын қамтамасыз ету бойынша шараларын қабылдау.<br>7. Өзінің сипаты бойынша ерекше күзетуді, жолдағы өзіне күтім жасауды немесе тасымалдаудың басқа ерекше жағдайларын талап ететін жүктерді тасымалдау бойынша нормативтік құқықтық актілерді сақтау (мамандандырылған КҚ тасымалдау кезінде).<br>9. Экипаж құрамындағы жұмыс кезінде ауысымдық кестесін сақтау. |
| | | **Білу:** |
| | | 1. Жол қозғалысы ережесін.<br>2. Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелерін.<br>3. КҚ жүргізушілерінің жұмыс уақыты мен демалу уақыты режимінің ерекшеліктері туралы ережелерін.<br>4. Жүктерді тасымалдау қағидаларын.<br>5. Жүк автомобилінің құрастырылымымен қарастырылған (мамандандырылған жүк автомобильдерімен тасымалдау кезінде) қосымша жабдықты пайдалану бойынша нұсқаулықтарды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 6. Өзінің сипаты бойынша ерекше күзетуді, жолда өзіне күтім жасауды немесе тасымалдаудың басқа ерекше жағдайларын талап ететін жүктерді тасымалдау бойынша нормативтік құқықтық актілерді.<br>7. Көлік құралын қауіпсіз басқару негіздерін.<br>8. Көлік құралдарын пайдалану және қауіпсіз басқару бойынша негізгі нормативтік құқықтық актілерді.<br>9. Тасымалдау кезінде қарақшылық шабуылдар, жүкті ұрлау кезінде жүргізушінің әрекеттері бойынша ұсынымдарды. | |
| Тұлғалық құзыреттерге қойылатын талаптар | Адалдық, тәртіптік, атқарғыштық, ұқыптылық, зерделілік, жауаптылық | | |
| БСШ аясында басқа кәсіптермен байланысы | БСШ деңгейі - 2 | Халықаралық автомобиль жүк тасымалдарын сүйемелдеу диспетчері.<br>Халықаралық автомобиль жүк тасымалдары жөніндегі менеджер.<br>Халықаралық автомобиль жүк тасымалдары компаниясының басшысы. | |
| ЕТКС немесе КС байланысы | ЕТКС №52 шығарылым | Автомобиль жүргізушісі | |
| Білім беру және біліктілік жүйесімен байланысы | Білім деңгейі:<br>негізгі орта білім | Мамандығы:<br>– | Біліктілігі:<br>– |

**КӘСІПТЕР КАРТОЧКАСЫ:**
**Халықаралық автомобиль жүк тасымалдарының диспетчері**

| | |
|---|---|
| Коды: | 3157-2-001 |
| Топ коды: | 3157-2 |
| Кәсібі: | Халықаралық автомобиль жүк тасымалдарының диспетчері. |
| Кәсіптің басқа да ықтимал атаулары: | Аға диспетчер.<br>Диспетчерлік қызмет операторы. |
| БСШ бойынша біліктілік деңгейі: | 3 |
| Қызметтің мақсаты: | Жүктерді халықаралық тасымалдауды іске асыру кезінде көлік құралдарының жұмысын басқарудың жоғары жеделділігін қамтамасыз ету |

| | | |
|---|---|---|
| Еңбек функциялары: | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Тасымалдауды іске асыру процесінде жүк жіберуші/жүк алушы өкілдерімен келіссөздерді, қажетті келісімдеулер мен ақпараттық өзара әрекеттестікті жүргізу.<br>2. Сапарға дейін және кейін қажетті жол және басқа да көлік құжаттамасын дайындау, беру және бастапқы өңдеу.<br>3. КҚ-ның тиеу/түсіру орнына келуін қамтамасыз ету және бақылау.<br>4. КҚ желіге шығару бойынша жоспардың орындалуын қамтамасыз ету және бақылау.<br>5. Желідегі КҚ жұмысын және жүргізушілермен КЖЕК қағидалары мен нормаларын сақтауын бақылау және үйлестіру.<br>6. Есептерді жасау және жұмыстарды орындау сапасын талдау. |
| | Қосымша еңбек функциялары: | – |
| **1 еңбек функциясы:** Тасымалдауды іске асыру процесінде жүк жіберуші/жүк алушы өкілдерімен келіссөздерді, қажетті келісімдеулерді және ақпараттық өзара әрекеттестікті жүргізу | **1-ші міндет:** Жүк жіберушілермен жүктерді тасымалдауға арналған өтінімдерді, келу уақытын, орнын, тиеуге берілетін КҚ талаптарын және типін келісімдеу. | **Істей білу:**<br>1. Тасымалдауды жедел басқаруды қамтамасыз ету үшін клиенттермен келіссөздерді жүргізу.<br>2. Қажеттілігі кезінде өтінімдердегі өзгерістерді келісімдеу.<br>3. Тараптардың талаптарына сәйкес құжаттарға өзгерістерді енгізе білу.<br>**Білу:**<br>1. Компанияның бұйрықтары мен өкімдерін, диспетчерлік қызмет туралы ережелерді, диспетчердің лауазымдық нұсқаулықтарын.<br>2. Автомобиль көлігіндегі қызметті реттейтін көлік заңнамасының және ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің негіздерін.<br>3. Жүктердің әртүрлі түрлерін тиеу әдістерін және талаптарын.<br>4. Жүкті тасымалдау шартының талаптарын (жүк жіберуші/жүк алушының өтінімдері). |
| | **2-ші міндет:** Тасымалдауды іске асыру процесінде жүк жіберуші/жүк алушы өкілдерін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету | **Істей білу:**<br>1. Жүк жіберушілерге/жүк алушыларға талап етілетін ақпаратты ұсыну.<br>**Білу:**<br>1. Тиеуге арналған КҚ беруге қатысты Жүктерді тасымалдау қағидаларының ережелерін.<br>2. Тиеу/түсіруге келу уақытына қатысты жүкті тасымалдау шартының талаптарын.<br>3. АКҚ Техникалық пайдалану қағидаларының ережелерін. |
| **2 еңбек функциясы:** Сапарға дейін және кейін қажетті жол және | **1-ші міндет:** Сапар үшін қажетті құжаттаманы дайындау, тасымалдауды | **Істей білу:**<br>1. Тасымалдауды орындау үшін қажетті құжаттамасын дайындау (жол парағы, іс-сапарлық куәлік, ХЖТ кітапшалары, шетел мемлекеттердің қажетті елдеріне кіру/шығу және транзитке арналған |

| | | |
|---|---|---|
| басқа көліктік құжаттамасын дайындау, беру және бастапқы өңдеу | орындау үшін жол және көліктік құжаттамасын уақтылы беру және кері алу кезінде құжаттарды рәсімдеу дұрыстығын тексеру. | құжаттар, CMR жөнелтпе құжатының бланктері, АҚЖ сақтандыру полистері, жанармай карточкалары, КҚ рұқсат карточкалары).<br>2. Жүргізушіге құжаттарды толтыру және пайдалану тәртібін, қағидаларын түсіндіру.<br>3. Құжаттарды толтыру дұрыстығын бағалау. |
| | | **Білу:** |
| | | 1. Жүктерді тасымалдау шартының талаптарын.<br>2. CMR көліктік жөнелтпе құжатын рәсімдеуге қойылатын талаптар.<br>3. Жүргізушілердің еңбегін және демалысын ұйымдастыру қағидаларының ережелерін (КЖЕК).<br>4. Рұқсаттық жүйе ережелерін.<br>5. Қазақстан Республикасының «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» заңының ережелерін.<br>6. Халықаралық тасымалдарға рұқсат беру қағидаларының ережелерін. |
| | **2-ші міндет:**<br>Жүргізушілерге арнайы журналда қол қоюымен жол парақтарын беру және жол парақтарын бастапқы өңдеу. | **Істей білу:** |
| | | 1. Жол парақтарын беруді бақылау бойынша арнайы журналды толтыру.<br>2. Халықаралық тасымалдарын орындау үшін жол парақтарын рәсімдеу, бастапқы өңдеуді жүргізу.<br>3. Жол парақтарында тиісті техникалық-пайдалану көрсеткіштерін есептеу (ЖЖМ шығысы, км жүріп өтуі) |
| | | **Білу:** |
| | | 1. Жол парақтарын берудің арнайы журналын жүргізу тәртібі.<br>2. Жол парақтарын рәсімдеу және өңдеу тәртібіне қатысты нормативтік актілердің ережелерін.<br>3. Компанияның бұйрықтары мен өкімдерін, диспетчерлік қызмет туралы ережелерді, диспетчердің лауазымдық нұсқаулықтарын. |
| | **3-ші міндет:**<br>Жол және басқа көліктік құжаттамасын бастапқы өңдеу. | **Істей білу:** |
| | | 1. Жүргізушіден жүктің орындалған тасымалы бойынша қабылдау кезінде көліктік құжаттамасын тексеру.<br>2. Тіркеулік парақтардың үзінді көшірмелері мен орындалған рейстер бойынша тахограф деректерін тексеру.<br>3. Пайдаланылған тіркеулік парақтар мен тахограф деректерінің есебін жүргізу және сақтау. |
| | | **Білу:** |
| | | 1. Жүктерді тасымалдау қағидаларының ережелерін.<br>2. CMR көліктік жөнелтпе құжатын рәсімдеу қағидаларын.<br>3. Жүргізушілердің еңбегін және демалысын ұйымдастыру қағидаларының ережелерін (КЖЕК).<br>4. Рұқсаттық жүйе ережелерін.<br>5. Кеден заңнамасының ережелерін. |

| | | |
|---|---|---|
| **3 еңбек функциясы:** КҚ желіге шығару бойынша жоспардың орындалуын қамтамасыз ету және бақылау | **1-ші міндет:** Автокөлікті желіге шығару бойынша күн сайынғы жоспардың орындалуын қамтамасыз ету | **Істей білу:** |
| | | 1. Тапсырыс берушімен КҚ тиеу/түсіру орнына келу уақытын келісімдеу және жүргізушілердің тиеу/түсіру орнына уақтылы келуін бақылау.<br>2. КҚ желіге күн сайынғы шығару кестесін жасау.<br>3. Уақыт және жауапты тұлғалар бойынша тиеу жоспарын жасау.<br>4. Жоспардың орындалуын бақылау. |
| | | **Білу:** |
| | | 1. Жүргізушінің уақыттық және күнтізбелік жоспарларын, тиеу орнындағы әрекеттер мен уақытша шығындарды.<br>2. Жүктің техникалық ерекшеліктерін, тиеу орнының техникалық қуаттылықтарын.<br>3. Жүктерді қауіпсіз бекіту қағидаларын.<br>4. Гараждық-техникалық қызметті ұйымдастыру технологияларын. |
| | **2-ші міндет:** КҚ-ның тиеу/түсіру орнына уақтылы келуін қамтамасыз ету | **Істей білу:** |
| | | 1. Жүргізушілермен КҚ келу уақытын және тиеу орнын келісімдеу.<br>2. КҚ-ның тиеуге келуін бақылау |
| | | **Білу:** |
| | | 1. КҚ тиеуге беруге қатысты Жүктерді тасымалдау қағидаларының ережелерін.<br>2. Тиеуге келу уақытына қатысты жүкті тасымалдау шартының талаптарын. |
| | **3-ші міндет:** Тиеу немесе түсірудегі КҚ нормативтен жоғары тұралануды жою бойынша шараларын қабылдау. | **Істей білу:** |
| | | 1. Нормаларға сәйкес жүргізушілердің, КҚ және тиегіштің жұмыс уақытының кестесін жасау.<br>2. Клиенттермен тұрақты байланысын сақтау және КҚ нормативтен жоғары тұралануын жоюға қол жеткізу. |
| | | **Білу:** |
| | | 1. Автомобиль көлігіндегі қызметті реттейтін көліктік заңнама және ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің негіздерін.<br>2. Жүктерді тасымалдау шартының талаптарын. |
| **4 еңбек функциясы:** Желідегі КҚ жұмысын және жүргізушілермен КЖЕК қағидалары мен нормаларын сақтауды бақылау және үйлестіру. | **1-ші міндет:** Жүргізушінің жоспар бойынша тасымалдауды орындау бойынша қызметін бақылау, басшылыққа (бақылаушы органға) тасымалды орындау мәртебесі туралы есепті ұсыну. | **Істей білу:** |
| | | 1. Бағдар бойынша КҚ қозғалуын және рейстерді аяқтаудан кейін кәсіпорынға уақтылы оралуын бақылау.<br>2. Есептік ақпаратты жасау. |
| | | **Білу:** |
| | | 1. Жүктерді тасымалдау қағидаларының ережелерін.<br>2. Бағдарлық желілерін және пайдаланылатын бағдарлардағы қозғалыс талаптарын.<br>3. Шекара өткелдеріндегі ағымдағы талаптарды. |
| | **2-ші міндет:** Жүктің белгіленген орынға дейін | **Істей білу:** |
| | | 1. Бақылау, басқару және байланыстың заманауи құралдарының көмегімен жүргізушілермен жедел |

| | | |
|---|---|---|
| | уақтылы жеткізілуін қамтамасыз ету және жүру жолындағы күтпеген жағдайларда (КҚ бұзылуы немесе ЖКО) резервтік КҚ енгізу бойынша шараларын қабыладу. | байланысын іске асыру.<br>2. Тасымалдау процесін ақпараттық қамтамасыз ету.<br>3. Күтпеген жағдайларда (КҚ бұзылуы немесе ЖКО) тасымалдау процесін жедел реттеу. |
| | | **Білу:** |
| | | 1. Бағдарлық желілерді және пайдаланылатын бағдарлардағы қозғалу талаптарын.<br>2. GPS бойынша КҚқадағалау құрылғыларын және бағдарламаларын.<br>3. АКҚ техникалық пайдалану қағидаларының ережелерін.<br>4. Жүргізушілердің еңбегін және демалысын ұйымдастыру қағидаларының ережелерін (КЖЕК). |
| | **3-ші міндет:** КҚ рейсті орындау үшін ЖЖМ шығысын, жүріп өткен жолға сәйкес аккумуляторларды, автошиналарды пайдалану және есептен шығару есебін жүргізу. | **Істей білу:** |
